

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 30 шілдедегі "Осакаров ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 255 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 300 шешімі. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 31 желтоқсанда N 8-15-136 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осакаров аудандық мәслихатының 2010 жылғы 30 шілдедегі 33 сессиясының " Осакаров ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы " N 255 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-15-127 болып тіркелген, 2010 жылғы 30 қыркүйектегі "Сельский труженик" газетінің N 39 (7211) санында жарияланған), келесі толықтыру енгізілсін:

1) Осакаров ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету туралы Ережесінің преамбуласында (әрі қарай – Ереже) мемлекеттік тілде "Осакаров ауданының" деген сөзінен соң "аз қамтылған" деген сөзімен толықтырылсын;

Ереженің орыс тіліндегі преамбуласында "порядок предоставления" деген сөзінен соң "малообеспеченному" деген сөзімен толықтырылсын;

2) Ереженің мемлекеттік тілінде 1 пунктте "Тұрғын үй көмегі келесі" деген сөзінен соң "аз қамтылған" деген сөзімен толықтырылсын;

Ереженің орыс тілінде 1 пунктте "Жилищная помощь предоставляется" деген сөзінен соң "малообеспеченным" деген сөзімен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың халықтың әлеуметтік қорғауы мен әлеуметтік - мәдени дамуы бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (төрағасы - Врона Елена Марьяновна).

3. Осы шешім алғашқы жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

аудандық мәслихаттың хатшысы

Келісілді:

С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,

Қ. Саққұлақов

М е м л е к е т т і к м е к е м е

"Осакаров ауданының жұмыспен

қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің" бастығы *Н. Плотникова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК